

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекоев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ / УДК/ UDK 94 (574.1)

ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ОРАЛ ӨНІРІНІҢ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Боранбаева Б.С.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан, Орал

Аңдатпа. Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жапон милитаристеріне қарсы Қиыр Шығыс майданына қатысқан Орал өңірінің жауынгер қазақ қыздары десантшы Қаламсия Ермекова, №120 артиллериялық әуе шабуылынан қорғану полкінің байланысшылары Ниязғалиева Әзима, Үмбетова Мүслима, Ахметова Қалампыр сондай-ақ жапон милитаристеріне қарсы соғысты Солтүстік Кореяның Хедзео қаласында аяқтап, Жоғарғы Бас Қолбасшының Алғыс хатына ие болған Аэродром қызметін қамтамасыз ету (Батальоны аэродромного обслуживания – БАО) батальонының байланысшылары – Алмағамбетова Қаным, Есқалиева Үмітай және Хабаровск өлкесінде 189 автокөлік полкі №600 батальонның әскери көлік жүргізушісі болған Саркулова Слухияның әскери өмір жолдары толық баяндалады. Қиыр Шығыс майданында Квантун армиясын талқандауға үлестерін қосқан жауынгер қазақ қыздарының ерлігі мен әскери өмір жолдары бүгінгі күнге дейін арнайы ғылыми зерттеулер нысанына алынбаған тың тақырып. Сондықтан зерттеу мақала ардагер аналардың өз қолдарымен жазған өмірбаяндары, естеліктері, Батыс Қазақстан облыстық, аудандық архив, музей және кітапхана қоларында сақталған құжаттар, мерзімді басылымдар сондай-ақ майдангер аналардың ұрпақтарының жеке архивтерінен алынған тарихи деректер мен суреттер негізінде зерттеу жүргізіліп, жазылды.

Түйін сөздер: Екінші дүниежүзілік соғыс, жауынгер қазақ қыздары, Қиыр Шығыс майданы, Хедзео қаласы, майдангер ана, десантшы, барлаушы, байланысшы, жапон милитаристері, әскери көлік жүргізуші

КАЗАШКИ ПРИУРАЛЬЯ – УЧАСТНИЦЫ ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ДАЛЬНЕВОСТОЧНОМ ФРОНТЕ

Боранбаева Б.С.

Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, г. Уральск, Казахстан

Аннотация. В статье подробно описывается воинская биография казахских девушек из Приуралья, служивших на Дальневосточном фронте во время второй мировой войны, и принимавших участие в борьбе против японских милитаристов, таких как десантница Каламсия Ермекова, связистки 120-го зенитного артиллерийского полка Алима Ниязғалиева, Мүслима Умбетова, Қалампыр Ахметова, военный водитель батальона №600 189-го автополка Слухия Саркулова, также, награжденные Благодарственным письмом Верховного Главнокомандующего и окончившие войну в северокорейском городе Хедзео, связистки батальона аэродромного обслуживания (БАО) Қаным Алмағамбетова, Умитай Есқалиева. Воинская жизнь и подвиги казахских девушек внесших свою лепту в разгром Квантунской армии на Дальневосточном фронте, до настоящих дней является не исследованной научной темой. Данная научная статья написана на основе собственноручно написанных автобиографий и воспоминаний женщин-ветеранов, архивных документов сохранившихся в фондах областных, районных архивов, музеев и библиотек. А также были использованы фотографии и исторические сведения взятые из личных архивов потомков женщин ветеранов.

Ключевые слова: Вторая мировая война, казахские девушки-воины, Дальневосточный фронт, город Хедзио, женщина ветеран, десантница, разведчик, связистка, японские милитаристы, военный водитель.

KAZAKH WOMEN OF THE URALS-PARTICIPANTS OF MILITARY ACTIONS ON THE FAR EASTERN FRONT

Boranbayeva B.S.

Makhambet Utemisov West Kazakhstan State University, Uralsk, Kazakhstan

Abstract. The article describes in detail the military biography of Kazakh girls from the Ural region, who served on the Far Eastern front during the Second World War and participated in the fight against Japanese militarists, such as the paratrooper Kalamsiya Ermekova, signalers of the 120th anti-aircraft artillery regiment Alima Niyazgaliyeva, Muslima Umbetova, Kalampyr Akhmetova, military driver of the battalion No. 600 of the 189th auto system, Slukhiya Sarculova; signalers of the airfield service battalion (BAO) Kanym Almagambetova, Umitay Eskalieva awarded by the Letter of Commendation of the Supreme Commander and ended the war in the North Korean city Hedzeo. The military life and deeds of the Kazakh girls who have contributed to the defeat of the Kwantung Army on the Far East front, is not an explored scientific topic to this day. This research article is written on the basis of autobiographies and the memoirs of veteran women, the archival documents preserved in the funds of regional and district archives, museums and libraries. Also, photographs and historical data taken from the personal archives of the descendants of women veterans were used.

Keywords: World War II, Kazakh warrior girls, Far East Front, city of Hedzeo, veteran women, paratrooper, scout, communications officer, Japanese militarists, military driver.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қазақтың ұлдарымен қатар қыздары да өздерінің жауынгерлігі, парасаттылығы және Отанға деген адалдығын әлемге паш етіп, қазақ халқының ұлттық мінезі мен қасиетін танытты. Кеңес Армиясының қатарында қазақ қыздары Батыста гитлершілдерге ғана қарсы соғыс жүргізіп қойған жоқ, сондай-ақ олар Қиыр Шығыс майданында жапон милитаристеріне қарсы жүргізілген соғыстарға да қатысқан. Алайда Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандық жауынгер қыздар мәселесі тың ізденістерді күтіп тұрған күрделі тақырыптардың бірі.

Демек, ұсынылып отырған мақалада Қиыр Шығыс майданына қатысқан қазақ қыздары десантшы Ермекова Қаламсия, байланысшы әрі барлаушы Ниязғалиева Әзима, Үмбетова Мүслима, Ахметов Қалампыр және антижапондық соғысты Солтүстік Кореяның Хедзео қаласында аяқтап, Жоғарғы Бас Қолбасшының Алғыс хатына ие болған байланысшылар Алмағамбетова Қаным, Есқалиева Үмітай, сонымені қатар 189 автокөлік полкі №600 батальонның әскери көлік жүргізушісі Саркулова Слухияның жауынгерлік өмірін тарихи деректік құжаттар негізінде зерттеу көзделді.

Материалдар мен әдістер

Дерек ретінде Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе, Жымпиты аудандық архив, Ж. Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхана қорларындағы майдангер аналардың өз қолдарымен жазған өмірбаяндары, олардың

әскери құжаттары мен суреттер, Орал қаласының тұрғыны болған ардагер Қаламсия Ермековамен кездесу барысында бейне таспаға жазылып алынған естелігі, ғалым М.Қ. Қозыбаевтың

«Бессмертие» еңбегіндегі, кеңес әйелдерінің жауынгерлік ерлігі туралы жазылған В.С. Мурманцеваның «Женщины в солдатских шинелях», кеңес әйелдерінің тылдағы ерлігін баяндайтын Г.Д. Нұрбекованың «Женщины Казахстана – фронту» атты еңбектерін, сонымен қатар майдан мен тыл ардагерлері естеліктерінің «У победы женское лицо. Сборник воспоминаний о боях – пожарищах, о друзьях-товарищах, о нелегкой жизни и работе в тылу» атты жинағындағы деректік мәліметтер қолданылды.

Әдістері

Тарихи жүйелілік, тарихи - салыстырмалы, жазба деректерді зерттеу, эмприкалық әдіс (әңгіме, сұхбат), статистикалық деректерді талдау, тарихи құжаттарды саралау сияқты тарихи зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды.

Талқылау

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандықтардың арасында жауынгер қыз-келіншектердің үлесі зор. Тарихшы ғалым М. Қозыбаев өз еркімен майданға сұранып, өтініш жазған қазақстандықтардың 40 пайызы қыз-келіншектер [Қозыбаев М.Қ., 1964:] болғандығын айтады. В.С. Мурманцева Ұлы Отан соғысына 800 мыңнан астам кеңестік жауынгер әйелдердің қатысқандығы [Мурманцева В.С., 1971:9] туралы дерек береді. Г. Нұрбекованың тылдағы кеңес әйелдерінің майданға қосқан ерен еңбегі жөніндегі «Женщины Казахстана фронту» атты зерттеуінде: «Всего в боях на фронтах Отечественной войны из Казахстана, по неполным данным, участвовало около 6 тысяч женщин» [Нұрбекова Г., 1988: 23], - деп жазады. Алайда қазақстандық жауынгер қыз-келіншектердің жалпы саны қанша? олардың арасында қанша қазақ қыздары болды? Қиыр Шығыс майданына қанша қазақ қыздары қатысты? Олар қандай әскери бөлімдер мен бөлімшелерде жауынгерлік міндеттерін атқарды? Қазақ қыздары әскери мамандықтардың қандай түрлерін меңгерді? Олардың өз еркімен соғысқа аттануына әсер еткен факторлар? Шейіт болғандарының қаза тапқан жерлері? Бұл сұрақтар қазірге дейін анықталған жоқ. Қазақ қыздарының жауынгерлік өмірі туралы республикалық мерзімді басылымдарда мақала көлемінде ғана деректер жариялаумен шектеліп жүрген сияқтымыз.

1941 жылы 13 сәуірде Кеңес Одағы Жапониямен бейтараптық жөнінде бес жыл мерзімге келісім жасады. Алайда Манчжурия жерлерін басып алған жапон милитаристері кеңестік Қиыр Шығысқа басып кіруге даярлығын жалғастыра берді. Деректерге қарағанда 1941-45 жылдар аралығында Қиыр Шығыстағы Забайкалье, Хабаровск және Приморье округінің шекара күзетшілері 10810 жапондық шекара бұзушыларды, 1,5 мың тыңшы агенттерді, 9 мыңдай қылмыскерлерді қолға түсірген [Сысоев Н., Ноженко Е.:47].

Сөйтіп, кеңес-герман майданында соғыс жүргізіп жатырған Кеңес Одағы жапон агрессиясына қарсы Қиыр Шығыста ірі әскери қарулы күштерін ұстап тұруға мәжбүр болды.

Демек, 1945 жылы 9 мамырда Германиямен соғысты жеңіспен аяқтағаннан кейін Кеңес Одағы Жапониямен нейтралитет пактісінің күшін жойды. 1945 жылы 9 тамызда Кеңестік Армия Қиыр Шығыста Солтүстік - Шығыс Қытай, Солтүстік Кореядағы Жапонияның Квантун армиясына қарсы сұрапыл соғыс бастады. 5 мың шақырым кеңістікке созылған әскери операцияға 1,5 млн. кеңестік әскери күш жұмылдырылды [Дальневосточный, 258].

Жоғарыда антижапондық соғысқа қатысқан қиыршығыстық кеңес жауынгерлерінің қатарында қазақ қыздарының да болғанын айтқанбыз. Олар соғысқа қатысып қана қойған жоқ, жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсетті. Соның ішінде қыз-келіншектерден құралған аэродром қызметін қамсыздандыру батальоны (Батальоны аэродромного обслуживания – БАО) құрамында

байланысшы, десантшы, барлаушы, көлік жүргізуші, күзетші болып әскери қызмет атқарған жауынгер Әзима Ниязғалиева, Мүслима Үмбетова, Қаламсия Ермекова, Қаным Алмағамбетова, Үмітай Есқалиева, Слухия Сарқұлова, Қалампыр Ахметова т.б. сияқты майдангер қазақ қыздарының ерлік істері ерекше бағаланады.

Деректерден анықтағанмыз, Кеңес Одағында қыз-келіншектердің әскер қатарына жаппай шақырылуы Бүкіл Одақтық Лениншіл Жастар Одағының 1942 жылғы сәуірдегі үндеуінен кейін басталады. Демек, осы жылдың шілде айынан бастап, Қазақстандық жауынгер қыздар Қиыр Шығыс майданына аттандырылған. Алайда осы әскерге алынған жауынгер қыздар туралы нақты статистикалық дерек қазірше көзге түскен жоқ.

Бірақ Қазақстанның батыс аймағындағы Орал облысы бойынша майданға аттанған қыздар туралы деректер бар. Мәселен, қиыршығыстық майдангер ана Қаламсия Ермекова: «1942 жылы соғысқа Оралдан 200 қыз аттандық» [Ермекова Қ. Естелік], – десе, Қаным Алмағамбетованың ғұмырбаянында: «Оралдан 1 эшелон қызды тиіп Қиыр Шығысқа алып кетті» [Архив...], – деп жазылған. Ал осы эшелондағы қыздар арасында болған жауынгер Суворова Валентина Петровнаның естелігінде: «В июле 1942 года призвана в числе 300 девушек из Уральск и районов в армию... Из Уральск эшелон был направлен на Дальний Восток. К трем вагонам на каждой большой станции прицепляли по 2-3 вагона с девушками, так что в Хабаровск прибыло уже 52 вагона. Девушек распределили по частям зенитчиков, летчиков, пулеметчиков, пехотинцев, связистов и поваров» [Суворова В.П. 117], – деп жазады.

Осы деректер негізінде Қиыр Шығыс майданына қазақстандық мыңдаған жауынгер қыздар қатысты деп айтуға болатын сияқты.

Нәтижесі

Демек, Батыс Қазақстан облысы бойынша жүргізілген зерттеу жұмысы барысында жазылған мақалада Қиыр Шығыс майданына қатысқан қазақ қыздарының жауынгерлік өмірі сипатталып баяндалады. Десантшы Қаламсия Ермекова (сурет 1)

Ұлы Отан соғысы жапон милитаристерін жеңумен аяқталды. Бұл адамзат тарихында ең әділ соғыс болды деп бағаланды. Үлкен құрбандықтың және жанкешті ерліктің арқасында КСРО халықтары дүниежүзілік тарихи жеңіске жетті. Жеңіс күнін жақындатуға үлесін қосқан кеңестік жауынгерлердің қатарында қазақтың ұлдары мен бірге қыздары да жауынгерлік ерліктің үлгісін көрсетті. Алайда майдангер қазақ қыздарының жауынгерлік өмір жолдары мен олардың кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық батырлық ерліктері отандық тарих ғылымында әлі де терең ізденіс нысанына айнала алмай келеді.





Сурет 1 – Қиыр Шығыс майданына қатысқан десантшы Қаламсия Ермекова // Автордың жеке архивінен алынды. Демек, ардагер ана Қаламсия Ермекованың жауынгерлік өмір жолдары туралы бейне таспаға жазылып алынған естелік әңгімесін көпшілік қауымға ұсынғанды ұрпақ парызы санадық.

Қаламсия Ермеқызы 1921 жылы Орал облысы, Жымпиты ауылында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылып, жастайынан тіршілік тауқыметін көріп өскен майдангер ана өзінің балалық шағы туралы: «1921 жылы аламан уақытта дүниеге келіпін. Әкеміз дүниеден ерте озып, бес баламен қалған анамыз байлардың есігінде жалданып жүріп, жоқшылық, аштық – осылардың бәрінен бізді аман алып қалған. Өміріміз өте қиын болды. 1932 жылғы аштықтан да колхоздың сиырын сауып жүріп, тағы да сол анамыз аман қорғап қалған» [Майдангер Естелігі], – дейді.

Осылайша аяулы ананың арқасында бойжетіп, 1940 жылы Жымпиты ауылының орта мектебін, кейін Орал қаласындағы мұғалімдер дайындайтын училищені тамамдаған жас қыз ағаларымен бірге анасына серік болып, ауылдың түрлі тірлігіне араласа бастайды. Алайда алаңсыз бейбіт өмірдің шырқы тағы да бұзылып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Екі ағасы соғыстың алғашқы күндері майданға аттанып, хабарсыз кетеді.

Қаршадайынан қандай қиындықты да қаймықпай қарсы алуға үйренген жас қыз анасының қарсылық білдіргеніне қарамастан, екі ағасының кегін алмақшы болып, өз еркімен майданға баруға бел байлайды. Әуелі Жымпитыдағы екі айлық өзін-өзі қорғау (самозащита) курсы оқып тамамдаған Қаламсия аудандық әскери комиссариаттың табалдырығын тоздыра жүріп, ақыры «он күндік жол азығыңызды алып келіңіз» деген шақыру қағазын алады. Сөйтіп, 1942 жылдың қыркүйек айында Оралдан майданға аттанған қыздардың арасында Әзиза Ниязғалиева, Мүслима Үмбетова, Қаным Алмағанбетова, Қаламсия Ермекова сияқты қазақ қыздары болды. Жауынгер Қаламсия ана:

«Майданға жөнелтілген бізді сапқа тұрғызып, вокзалдағы есік терезесі аңғал-саңғал қызыл вагонға алып келді. Қызыл вагон демекші, біз мінген поездда өкпесіне суық тиіп 6 ай демалыстан соң қайтадан Қиыр Шығыс майданына бара жатқан Қасым Аманжолов та бар екен. Оның: Оралым, шықтың алдымнан, Оралым менің Оралым, Қол созып қызыл вагоннан

Үстіңнен өтіп барамын» [Боранбаева Б.С., Мақала...], – деген өлеңін перронда тұрып бізде тыңдадық дейді.

Қаламсия Ермекова маршал Малиновский басқарған II Қиыр Шығыс майданының десантшылар армиясының құрамында Жапония басқыншыларына қарсы соғысқа қатысады. Жауынгерлік өмірі туралы Қаламсия ана: «Қалың орман арасында десантшы да барлаушы да болдық, түнгі күзетте де тұрдық. Самолеттерді күзетеміз. Жау біздің күзетте тұрған жауынгерлерді, офицер шенділерді ұрлап алып кетіп, оларды өзімізге қарсы үгіттейтін болды, бірақ мен одан аман қалғанмен, екі рет ауыр жарақат алдым», – дейді.

Майдангер ананың жастайының өмірін өлеңмен өрнектейтін ақындық қабілеті бар еді.

Өзінің майдан даласынан елге жазған сондай бір хатында:

«Мекенім жерден қазған ұзын барақ

Ауыр іс, өтіп жатты уақыт санап,

Туған жер бәрінен де қымбат екен

Аңсаймын батыс жаққа күнде қарап», - деп қыз жүрегінің туған жерге деген сағынышын жеткізсе, енді бір хатында Отан алдындағы жауынгерлік міндетін былайша өрнектейді: «Оқ аттым, мен жауларға халқым үшін,

Байқадым минут сайын жаудың күшін

Суық жер, қараңғы түн ауыр тиді,

Секірдім самолеттен парашютпен

Аман өттім лаулай жанған қалың өрттен

Күзеттім жау өткізбей шекарадан

Қорғадым Отанымды шын ниетпен

Жері су, қалың орман, тауы биік

Басында ойнайды екен марал, киік

Күзетте тұрғанымда, жарылған снарядтың оғы тиіп,

Емделдім Хабаровск қаласында», – деп өлең жолдарында көрсеткендей бірде шекараның түнгі күзетінде тұрғанда басына снаряд жарқыншағы тиіп ауыр жарақаттанған Қаламсия Ермекова Хабаровск қаласындағы әскери госпитальда 2 ай жатып, емделіп шығады» [Боранбаева Б.С., Мақала...]. Майдангер ана өзінің жауынгерлік өмірін еске ала отырып, есінде ерекше сақталған мына бір оқиға туралы: «Күздің суық бір күні біздің десантшылар батальоны шұғыл сапқа тұрғызылды. Жорыққа аттанатын шығармыз деп ойлады. Қолбасшылар арасынан бір адам шапшаң адымдап, біздің батальонға таяды. «Араларыңда қазақ бар ма?» – деген сұрақты естігенде әрі таңданып, әрі капелімде абдырап қалдым. Өйткені қазақ тіліндегі дауысты естімегелі біраз болды ғой. Саптың ортасында тұрған мен оның қазақ екенін капелімде байқай алмай қалып едім. Бір қадам алға шығып

«Мен қазақпын», – деп дауыстадым. Жақындап келді де, - Сен қалмақ емессің бе?, – деді.

«Жоқ, қазақпын Орал облысынан келдім», – дедім. Кейін білдім, бұл есімі алты алашқа мәлім болған Бауыржан Момышұлы екен. Бізбен штабта да әңгімелесті. Маған қарап: «Біз, қазақ батыр халықпыз намысты, инабатты халықпыз. Халық туын жоғары ұстау керек. «Понятно» деп маған тесіле қарғанда, қолымды шекеме апарып «Так точно» дегенім есімде. Қазір бір өкінетінім, тұрмыстың ауырлығынан мына тұрған Алматыға барып, Бауыржанды тірі кезінде көріп сәлемдесе алмадым» [Ермекова Қ., Естелік...], – деп қамығады майдангер ана. Қаламсия ана шөбересінің есімін Бауыржан атапты. Чапаев ауылының мектеп гимназиясының 9-класында үздік оқып жүрген Бауыржанның болашақта әскери академияда оқып, батыр атасындай әскери маман болғанын армандайтынын айтты.

Жауынгер қыздар Владивостоктың Березовка деревнясының маңында 1945 жылдың 15 қыркүйегінде соғысты аяқтап елге аман есен оралады. Қаламсия Ермекова жауынгерлік ерліктері үшін «Ұлы Отан соғысы» ордені және «Жуков» медалімен марапатталады.

Майдангер ана елге жеңіспен оралған соң, бейбіт өмірге араласып, балалар үйінде тәрбиеші

болып қызмет етеді. 1946 жылы Панфилов дивизиясының құрамында барлаушы болған кіші сержант, соғыс ардагері Машаев Самиғолламен шаңырақ көтеріп, қос ардагер отбасында бес бала тәрбиелеп өсіреді.

Десантшы жауынгер ана 96 жасқа қараған шағында 2018 жылы 9 мамыр мерекесі қарсаңында дүниеден озды. Жауынгер қос құрбы (сурет 2).

Ел басына күн туған сын сағатта ерлермен бірге қолына қару алып, майданға аттанған жауынгер қос құрбы туралы біреу білсе, бірі біле бермейтіні анық. Өйткені олар туған жердің топырағын қорғау әркімнің де парыз міндеті деп санап, өздерінің жауынгерлік өмір жолдарын көпшілікке ерекше мақтанышпен айта бермеген. Демек, жау жағадан алғанда қазақ қыздарына тән қайсарлық мінез танытқан жымпитылық қос құрбы Әзима Ниязғалиевамен Мүслима Үмбетованың өмір жолдары бүгінгі жас ұрпақ үшін үлгі өнеге.



Сурет 2 - Қиыр шығыс майданына қатысқан майдангер аналар Ниязғалиева Әзима (сол жақта), Үмбетова Мүслима. 1983 ж. // автордың жеке архивінен алынды.

Ендеше осы жауынгер қыздар туралы айтсақ, Мүслима Үмбетова 1923 жылы, ал Әзима Ниязғалиева 1924 жылы Орал облысы Жымпиты ауылында дүниеге келген. Бір көшенің бойында көрші тұрған олар мектеке бірінші класқа бірге барады. Мүслима соғысқа дейін ауылда есепші болып жұмыс жасайды. Ал Әзима ауылдағы он саусағынан өнер тамған атақты ағаш шебері Ниязғалидың жанұясында тәрбиеленіп өскен ерке қыз еді. Жер дүниені дүр сілкіндірген соғыс басталған соң, бірге ойнап өскен қос құрбы өз еріктерімен майданға сұранып, Жымпиты аудандық әскери комиссариатына өтініш береді. Соғысқа құрбысымен бірге кетуді ойлаған Әзима әскери комиссариатқа жазған өтінішінде жасын бір жасқа ұлғайтып, туған жылын 1924 деп көрсетеді [Қонақбаева Д., Мақала...].

Сөйтіп, өтініштері қабылданған құрбылар 1942 жылы 22 маусымда, яғни Ұлы Отан соғысының басталғанына бір жыл өткенде өз еріктерімен майданға аттанады. Олар Қиыр Шығыс

майданындағы №120 артиллериялық әуе шабуылынан қорғану полкінің құрамына алынады. Жауынгер қыздар батальоны құрамында Әзима мен Мүслима да Владивосток, Лесозаводск қалалары үшін жапон милитаристерімен болған ұрыстарға қатысады. Бұдан басқа жауынгер қос құрбы Уссури өлкесіндегі қалың орман арасына жасырылып қойылған әскери самолеттер мен әскери базаларды күзетіп, сондай-ақ зениттік батареяның оқ дайындаушылары болады. Жауынгерлік тапсырмаларды орындаудағы адалдығы мен тындырымдылығы үшін жауынгер қыздар Қиыр Шығыс майданы қолбасшысының Алғыс хатына ие болады. 1944 жылы қазан айында взвод командирінің көмекшісі, кіші сержант Мүслима Үмбетова коммунистік партия қатарына алынады.

Ардагер аналар өздерінің майдандағы өмір жолдары туралы жазған естеліктерінде: «Әсіресе Уссуридің қатал қысы мен күзгі лайсаң жаңбырының астында тұрып, самолет қарауылдаған кездер аса қауіпті болатын, түн қараңғысы енген шақта кірпік қақпай тұратынымыз естен кетпейді. Біз бәрі де Отан үшін, бәрі де туған ел үшін емес пе, несіне аянамыз деп намысқа тырыстық» [БҚО, Сырым ауд, Архив...], – дейді кешегі жауынгер қыздар.

Сөйтіп, майданда «Отан қорғағаны үшін», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған жауынгер қос құрбы, 1945 жылы тамыз айында аман-сау елге оралады. Жауынгер Әзима Ниязғалиеваның анасы «Қызының соғысқа кетерде кесіп тастап кеткен тоқпақтай екі бұрымын төрге іліп қояды». Кейін сол бұрымды аудандық театр әртістері арнайы келіп, Әзима апайдан сұрап алып кетеді.

Елге оралып, бейбіт өмір тіршілігіне араласқан Әзима Ниязғалиева 1946 жылы соғыс ардагері №189 гвардиялық атқыштар полкінің аға сержанты, байланыс бөлімшесінің командирі

«Ерлігі үшін» медалінің иегері Арон Қонақбаевпен отау құрып, 6 ұл мен 2 қыз тәрбиелеп өсіріп, «Ардақты ана» атанды. Майдангер Әзима ананың келіні Гүлшат Қонақбаева: «Менің енем ерекше адам болды. Қарапайым, мінезі жұмсақ, өте балажан, қонақжай адал адам еді. Мені қызындай көріп, тәрбиеледі» [Қонақбаева Д., Мақала...], – дейді.

Майдангер Әзима Ниязғалиева 1988 жылы өмірден озғанға дейін Жымпиты ауданы орталығындағы №166 (қазір №19 кәсіптік лицей) техникалық училище қызметкері болып абыройлы еңбек етті.

Ал Мүслима Үмбетова соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне белсене араласып, Жымпиты аудандық Кеңесі атқару комитетінің құрамында, одан кейін аудандық, ауылдық байланыс бөлімшелерінде оператор, ал 1963 жылдан 1978 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін XXII Коммунистік партия съезі атындағы кеңшарда байланыс бөлімшесінің меңгерушісі болды. Ардагер ана 1998 жылы 76 жасында бақилық болды [БҚО, Сырым ауд, Архив...].

II дүниежүзілік соғысты Солтүстік Кореяда аяқтаған қазақ қыздары


Екінші дүниежүзілік соғыс милитаристік Жапонияны жеңумен аяқталды. Бұл адамзат тарихындағы ең әділ соғыс болды деп бағаланды [Қазақстан тарихы. 4. Т.: 484]. КСРО мемлекеті одақтастық міндеттемелерін орындай отырып, 1945 жылы 9 тамызда Жапонияға қарсы соғыс ашты. Кеңес әскерлерінің Солтүстік-Шығыс Қытайда, Монғол халық республикасы әскерлерінің қатысуымен жасаған жойқын шабуылы Квантун армиясын тізе бүктіруге мәжбүр етті. Солтүстік-Шығыс Қытай, Солтүстік Корея жапон басқыншыларынан азат етілді. Жолсыз таулы-орманды жорықта Жапонияны тізе бүктіруге қатысқан қиыршығыстық кеңес жауынгерлерінің қатарында Алмағамбетова Қаныммен Есқалиева Үмітай да болды.

Дәлірек айтқанда, қыз-келіншектерден құралған аэродром қызметін қамсыздандыру батальоны (Батальоны аэродромного обслуживания – БАО) құрамында болған олар соғысты Солтүстік Кореяның Хедзео қаласында аяқтап, елге жеңіспен оралған еді. Оны майдангер

аналардың өз қолдарымен жазған ғұмырбаяндары мен әскери құжаттар, сурет деректері дәлелдейді. Бірақ майдангер аналар өздерінің бұл әрекетін ерлік деп санамаған. Бұл жалпы майдангер қазақ қыздарының барлығына тән қасиет. Мұны олар Отан алдындағы борыш міндетіміз деп түсінген. Жергілікті мерзімді басылым беттерінде де олар жариялана бермеген. Біз, бұл майдангер аналар туралы Орал қаласының тұрғыны болған жауынгер ана Қаламсия Ермекованың әңгімесі арқылы танып білдік. Алайда олар туралы біздің ізденісіміз ұзақ уақыт нәтижесіз аяқталып отырды. Майдангер қазақ қыздары туралы ізденісімізді естіп, бізбен хабарласқан Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық орталықтандырылған кітапхана әдіскері Сағынтай Орынғалиұлының көмегі арқасында ғана, майдангер аналар Қаным Алмағамбетова мен Үмітай Есқалиеваның ұрпақтарын тауып, олардың қолында сақталған дерек құжаттарға қол жеткіздік.

Сөйтіп ұрпақтары арқылы бізге жеткен деректердің арасында Оралдан Солтүстік Корей еліне дейін бірге барған екі майдангер ананың өз қолдарымен жазған ғұмырбаяндары сақталған. Қағаз бетіне түсірілген тасқа басқандай анық та, әдемі жазу үлгісі, сондай-ақ ғұмырбаян соңындағы иірімді қойылған қолға қарап, олардың сол уақытта жоғары деңгейдегі сауатты болғанын анық аңғаруға болады.

Өзінің ғұмырбаянында Алмағамбетова Қаным (сурет 3) 1921 жылы Орал облысы Тайпақ ауданы Базартөбе ауылында дүниеге келгенін жазған. Бір жасында әкеден, жеті жасында анасынан айырылған Қаным ағасы Мұхамбетжан екеуі туыстарының қамқорлығы арқасында ержетіп өседі.



Сурет 3 – Қиыр Шығыста жапон милитаристаріне қарсы майданда көрсеткен ерлігі үшін Қаным Алмағамбетоваға берілген алғыс хат // Құжат Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе аудандық архив қорынан алынды.

Тоғыз жасында Тайпақ ауданы Қызылжар орта мектебінің бірінші класына оқуға қабылданған ол 1937 жылы 7 кластық білім алып шығады. Сөйтіп 16 жасынан еңбекке араласқан Қаным аудандық қаржы бөлімінің хатшы қызметін атқарады. Қандай істен де қорықпайтын еңбексүйгіштігімен ерекшеленген жас қыз 1939 жылы қаңтарда БЛКЖО ОКнің жанындағы республикалық мектепке пионерлер жетекшісін (вожатый) дайындайтын 8 айлық курсқа жіберілді. Бұл курсты 1939 жылы тамыз айында тамамдап келген соң, Калмыков ауылындағы орта мектепте аға пионер жетекші болып жұмысқа орналасады. Алайда алдына биік мақсат қоя білген Қаным мұнымен қанағаттанбады. 1940 жылы наурызда Каргалинка ауылында Қазақ тұтынушылар одағы жанынан ашылған есепшілер дайындайтын 10 айлық курсты оқып бітіреді. Сөйтіп 1941 жылдың қаңтар айынан 1942 жылдың тамызы, яғни соғысқа аттанғанға дейінгі аралықта ол Калмыков ауылында аудандық ауылшаруашылық тұтынушылар қоғамында бас есепші болып еңбек етеді [БҚО, Ақжайық ауд, Архив...].

Осылайша өз бетінше биік белестерге ұмтылған Қаным ел басына күн туғанда көп ойланбастан майданға сұранып, әскери комиссариатқа өтініш жазды. Бұл жазған өтініші қабылданып, майданға аттанған жауынгер ананың Қаратөбе аудандық мұрағат қорында сақталған ғұмырбаянында: «1942 жылдың август айында өз еркімізбен соғысқа сұрандық.

Тайпақ ауданынан менімен бірге 10 қыз аттандық. Оралдан 1 эшелон қызды тиеп, Қиыр Шығысқа алып кетті. Лесозаводск деген жерде, кейін Киров ауданы терриориясындағы орман ішінде 3 жыл бойы аэродром қызметін қамтамасыз ету әйелдер баталонында (БАО) болдық. 4 жыл бойы өзіммен бірге болған Есқалиева Үмітай екеуіміз өмір соқпағын бірдей көрдік. Аэродром күзеттік. Ұшқыш истребительдердің ұшып келгеннен кейінгі қызметін атқардық» [БҚО, Қаратөбе ауд, Архив], – деген құнды деректер береді.

Жалпы Қиыр Шығыс майданына Оралдан аттанған жауынгер қыздардың саны деректерде әр түрлі айтылады. Қиыршығыстық жауынгер Ермекова Қаламсия: «1942 жылы соғысқа Оралдан 200 қыз аттандық» [Майдангер Естелігі...], – десе, жоғарыда Қаным Алмағамбетованың ғұмырбаянында: «Оралдан 1 эшелон қызды тиеп Қиыр Шығысқа алып кетті» [БҚО, Қаратөбе ауд, Архив], – дейді. Ал осы эшелондағы қыздар арасында болған жауынгер Суворова Валентина Петровнаың естелігінде: Демек, 1942 жылы жазда Қиыр Шығыс майданына аттанған жауынгер қыздардың аты-жөні, жалпы саны, ұлттық құрамы, олардың кейінгі тағдырын анықтау тың ізденістерді күтеді.

Майдангер Қаным ана жауынгерлік өмір жолдарын еске ала отырып: «Таңғы сағат 6-дан түнгі 11-ге дейін қарлы-жауынды ауа райына қарамастан оқ атуды, пышақ шаншуды, жер бауырлап жылжуды, өзеннен өтуді, байланыс аппараттарын қолдануды үйретті. Аптасына екі рет толық әскери қарумен 20-40 шақырымдық жүгіру міндетін орындап тұрдық», – деп жазады. Сондай-ақ ол:

«1945 жылы сентябрьде Жапон милитаристерінің соғысы басталып кеткенде біздің батальонды Кореяның Хедзио деген қаласындағы аэродром күзеті мен қызметіне ауыстырды» [БҚО, Қаратөбе ауд, Архив], – дейді. Хедзио қаласында орналасқан санитарлық бөлімнің дәрігері В.Г. Новикованың айтуына қарағанда бұл қалада 40 мың жапон тұтқындары қамауда отырған. Оларды құтқару үшін жапондар әрбір кеңес жауынгерінің басына сыйлық тағайындаған көрінеді [Новикова В.Г., 101],

Сөйтіп жауынгер Қаным Алмағамбетова соғысты Корея жерінде аяқтап, 1945 жылы желтоқсанда елге оралады. Жауынгерлік ерлігі үшін ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені және Жоғарғы Бас қолбасшының Алғыс хатымен марапатталды.

Соғыстан кейін бейбіт өмір тірлігіне араласқан майдангер ана Қаратөбе кейін Жымпиты ауылында ұзақ жылдар бойы есепші болып еңбек етті.

1958-1960 жылдар аралығында Алматы қаласындағы кеңшар есепшілерін дайындайтын 2 жылдық курсты сырттай оқып, тамамдаған соң зейнет демалысына шыққанға дейін Қаратөбе аудандық мәдениет бөлімінің бас есепші қызметін атқарды.

Майдангер Қ. Алмағамбетованың ғұмырбаянында: «Тайпақ ауданынан менімен бірге 10 қыз аттандық. 4 жыл бойы өзіммен бірге болған Есқалиева Үмітай екеуіміз өмір соқпағын бірдей көрдік» деп жазған еді. Осы дерек бойынша біз Қаным ананың майдандас құрбысы Ү.Есқалиеваны іздестіріп, облыстық және аудандық қорғаныс істер жөніндегі департаментке, Ақжайық ауданы Базартөбе ауылдық әкімшілігіне хабарласып, ешбір дерек таппай жүргенімізде, жоғарыда айтылғандай бізге тағы көмектескен Сағынтай Орынғалиұлы болды. Ол майдангер ананың Орал қаласында ұрпақтарының тұратындығын хабарлады. Сөйтіп, Орал қалалық №3 емхананың рентгенолог дәрігері Мәжит Халықбергенұлы анасы майдангер Ү. Есқалиеваның жауынгерлік құжаттарымен бірге екі құнды деректі табыс етті. Оның бірі Үмітай Есқалиеваның майданда жазылған орыс тіліндегі ғұмырбаяны (1943 жыл. 2 тамыз). Екіншісі Кореяның Хедзио қаласында бір топ майдандастарымен бірге түскен суреті (суреттің артқы бетінде 1945 ж. 10 октябрь деп жазылған) [Құлшықов М.Х.: Жеке архив]. Бұл дерек суретті біз, сол кезде көзі тірі жауынгер Қаламсия анаға апарып көрсеткен едік. 95 жастағы жады мықты майдангер ана 40 шамалы орыс ұлт өкілдерінің арасында тұрған үш қазақ қызын Қ. Алмағамбетова, Ү. Есқалиева және Ерғазиева Сәбиланы (шығысқазақстандық) көрсетіп, аты жөндерін мүдірмей айтып берді.

Енді екінші дерек туралы айтсақ, Есқалиева Үмітайдың 1943 жылғы 2 тамыз күнгі оқушы дәптерінің 2 бетіне жазылған ғұмырбаянында туған жылы, туған жері, білімі, соғысқа дейін атқарған қызметін толық түсірген. Сондай-ақ, ол 1942 жылы Қиыр Шығыстағы әскери бөлімге келген уақытын көрсетіп және өзінің командир мен комомол ұйымы тарапынан ешбір сөгіс алмағандығын, әлеуметтік тегі кедей екенін, өзінің және ата-анасының да бұрын соңды істі болмағандығын айтып, шет елмен де байланысының жоқ екенін жазған [Құлшықов М.Х.: Жеке архив]. Соған қарағанда ол бұл ғұмырбаянды штабтың әскери қажетті талабы бойынша жазған деп болжам жасаймыз.

Есқалиева Үмітай (сурет – 4, 5, 6) 1921 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Калмыков ауылында дүниеге келген.

Автобиография.

Я Искашьева Улситаи родилась 1921 года
Казахской ССР. Западнo-Казахстанская
область Найнакский район пос. Колхозов
Калмыковский сельсовет.

Соз. принадлежу к Крестьян-бедняк.

Соз. положение служащий. Образование
Средний. С 1936 г. в ВЛКСМ.

Отец мой Раваев Искаим до революции
занимался крестьянством. После революции
занимался крестьянством. 1922 года отец
умер. До 1934 года воспитывалась у матери.
Мать умер 1934 г. с 1934 года воспитывалась
у родного брата Искашев Уроз
сейчас находится в Казахстане.

1930 года с сентября до 1937 г. июль
училась Казахской неполной средней
школе пос. Колхозов Найнакский р-н.
Окончила 7 класс.

1937 г. сентябрь до 1940 г. июль

выступила учителем в техникуме в г. Уралов
Казахрабфак трехгодичный. окончила
третий курс.

1940. октябрь до 1941 г. август м.з. работала
Найнакский Районпресового казгосе
бухгалтер-счетоводом. 1941 август м.з
до 1942 г. май м.з. работала Райсовет
счетоводом, в казгосе Инструктором.

с 1942 г. май до призыва Армии работала
в Райгосе Найнакский р-н. казгосе бухгалтером.

1942 г. 24 июля м.з. призвана в ряды ЧККЗ.

1942 г. июля Ф. В. Фр. 35 Армии 89 РПБ
120 БОО Автортпа кр-40.

Отп. комсомольских организаций
взятых не имеют. а советораны
командирские тоже не имеют.

Сем не существует, а также родителей
не существует. За границей своих никого.

Искашьева У.
Улситаи

Лит-432

Сурет 4-5 – Есқалиева Үмітайдың өмірбаяны, 1943 жыл // Құжат майдангер Ү. Есқалиеваның ұлы М.Х. Құлшықовтың жеке архивінен алынды.

Бір жасында әкесінен, ал 1934 жылы он үш жасқа қараған шағында анасынан айырылып, ағасы Ораздың қамқорлығында өседі. 1930 жылы Калмыков ауылындағы мектептің бірінші класына барған ол 1937 жылы осы мектептен 7 кластық білім алып шығады. 1940 жылы Орал қаласындағы 3 жылдық педагогикалық техникум бітіріп, ауылға келген Үмітай аудандық тұтынушылар одағында есепші болып еңбек етеді. Кейін ол 941 жылдың тамызынан бастап, 1942 жылы мамыр айында майданға аттанғанша аудандағы Осоавиахимда нұсқаушы болып, ауыл адамдарына әуе шабуылы мен химиялық қару түрлерінен қорғанудың әдіс амалдарын үйрету жұмыстарымен айналысады. 1942 жылы 24 шілдеде Қызыл Армия қатарына алынады. Үмітай ананың Ұлы Мәжит Халық берген ұлының айтуынша, өзін қамқорлап өсірген ағасы Ораздың кегін аламын деп өз еркімен майданға аттанады. Жоғарыда ата-анасынан ерте айырылған Үмітайдың ағасы Ораздың қамқорлығында бой жетіп өскенін айтқанбыз. 1941 жылы соғыс басталғанда алдыңғылардың бірі болып майданға аттанған ағасы Ораз госпитальда жатқаны жөніндегі хатынан соң бар-ошарсыз кетеді.

Міне, сөйтіп Қиыр Шығыс майданына аттанған Үмітай 35-армия құрамындағы 120аэродром қызметін қамтамасыз ету әйелдер баталонында (БАО) автоматшылар ротасында байланысшы болады. 1945 жылы қыркүйек айында Солтүстік Кореяның Хедзио қаласына ауыстырылып, 1945 жылы желтоқсанда Қаным Алмағамбетова екеуі елге бірге оралады.

Жауынгерлік ерлігі үшін Сержант Есқалиева Үмітай Жоғарғы Бас қолбасшы Сталиннің атынан мына мазмұнда жазылған:



«Приказом Верховного Главнокомандующего Генералиссимуса Советского Союза товарища Сталина от 23 августа 1945 года № 372, за отличные боевые действия в боях с японцами

на Дальнем Востоке, всему личному составу нашего соединения, в том числе и Вам, принимавшему участие в боях объявлена Благодарность. Командир войсковой части. Полевая почта № 78751

30 августа 1945 г.» [Құлшықов М.Х.: Жеке архив] Алғыс хатына ие болды.

Сондай-ақ жауынгер қыз II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені, «Жапонияны жеңгені үшін» және мерекелік «Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуков» медалдарымен марапатталды.



Сурет 6 – Майдандастар ортасында. Есқалиева Үмітай (3-қатар оң жақта бірінші), Алмағамбетова Қаным (3-қатар оң жақта үшінші). Солтүстік Корея. Хедзио қаласы. 1945 жыл 10 октябрь // майдангер Ү. Есқалиеваның ұлы М.Х. Құлшықовтың жеке архивінен алынды.

Соғыстан кейін бейбіт өмір тірлігіне араласқан майдангер ана Қалмыков ауылында ұзақ жылдар бойы сауда саласында еңбек етті. Соғыс ардагері сержант Құлшықов Халықбергенмен отау құрып 1 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы жоғары білімді. Қызы Светлана мен ұлы Мәжит Ақтөбе медициналық институтын бітірген дәрігерлер. Қиыр Шығыс майданында әскери көлік жүргізген қазақ қызы. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қазақтың ұлдарымен қатар қыздары да жауынгер, қаһарман халықтың ұрпағы ретінде өздерінің Отанға деген адалдығын әлемге паш етіп, қазақ халқының ұлттық мінезі мен қасиетін дүниежүзіне танытты.

Алайда Қиыр Шығыс майданына қатысқан қазақ қыздары ұзақ уақыт көпшілікке беймәлім болып келді. Қазақстан тәуелсіздігінің арқасында ғана әскери архив құжаттарының ашылуы, соғыс ардагерлері естеліктерінің, ғылыми зерттеу еңбектердің кеңінен жариялануы нәтижесінде ғана олар туралы айтыла бастады.

Мәселен, солардың бірі жерлесіміз Қиыр Шығыс майданында Квантун армиясын талқандауға қатысқан әскери көлік жүргізуші – Саркулова Слухия.

Бүгінгі қазақ қоғамында қыз-келіншектердің автокөлік жүргізуі үйреншікті үрдіс болса, соғыс жылдарындағы қыздар үшін бұл әрине, сирек құбылыс болатын.

Саркулова Слухия Жұмағұлқызы (сурет 7) 1923 жылы 9 мамырда Орал облысы Жаңақала ауданында дүниеге келген. Кейін ата-анасы Камен ауданына қоныс аударады. Сұрапыл соғыстың басталар алдында ғана, 1941 жылы 15 маусымда төрт кластық білімі бар Слухия Переметное

ауылындағы жүргізушілер курсына оқуға жіберіледі. 1942 жылы 15 қаңтарда курсты тәмәмдап, ауылға келген соң ол техника жөндеушісінің (механик) көмекшісі болып жұмысқа кіріседі. Сөйтіп, көлік жүргізуші қыз, 1942 жылы жазда өз еркімен сұранып, Қиыр Шығыс майданына аттанады [Боранбаева Б.С., // Приуралье].

Сурет 7 - жауынгер Саркулова Слухия. 1944 ж. // Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық музей қорынан алынды



Жауынгер С. Саркулова Хабаровск өлкесінде № 189 автокөлік полкінің № 600 ұшақтарға қызмет көрсету батальонында (Батальоны аэродромного обслуживания – БАО) әскери машинамен мина, снарядтар тасыды, бомбалаушы ұшақтарды сүйреп қыздырды. С. Саркулованың жауынгерлік өмір жолдары туралы жазған ғұмырбаянында:

«Әскери өмірім Қиыр Шығыста Хабаровск өлкесінің Иман қаласынан басталды. Кеңес Армиясы қатарында 1942 жылдың 23 маусымынан ұшақтарға қызмет көрсету батальонында қызмет еттім. Соғысты Жапон елінің Ханкель портында аяқтадым. Жарақатым жоқ. Шенім-ефрейтор. Соғыстың алғашқы кезеңінде, орыс тілін білмей қиналдым. Бірақ орыс полктастарым маған үнемі көмектесіп отырды майданда көрген қиындық пен азапты күндерім ұмытылмайды. Бір күні қасымдағы шофер Анна Фадеева екеуміз 3 күн адасып бөлімшені зорға тапқанымыз әлі есімде. Ас- суссыз адасып жүргенде жолдан жапон галетін (ұннан жасалған печенье) көріп жегенбіз. Галет уланған болып шықты. Мен қатты ауырдым. Бірақ Анна мені далаға тастамады. Жолдағы бір ауылға апарып, әрең дегенде сүт тауып әкеліп, емдеп есімді жиғызды» [БҚО, Тасқала ауд, музей], – деп жазады.

1945 жылы 2 қыркүйекте Жапония сөзсіз тізе бұгу туралы актіге қол қойып, дүниені дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды. Ал Қиыр Шығыс майданында әскери көлік жүргізген С.Саркулова 1945 жылы аман-сау елге оралды. Бейбіт өмір тіршілігіне араласып, ауылда ветеринарлық санитар, далалық бригада есепшісі сияқты түрлі қызметтер атқарған ол, 1950 жылы коммунистік партия қатарына өтті.

1953 жылы 3 наурызда өзі тұратын Подтяжки ауылдық кеңесінің председателі болып тағайындалған ол, бұл қызметін зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін 25 жыл, яғни ширек ғасыр бойы атқарды.

Өмірден түйгені көп, қарапайым жауынгер ана бірнеше рет облыстық, аудандық маслихат депутаты болып сайланып, қоғамдық өмірге белсене араласты.

Майдангер С. Саркулова Ұлы Отан соғысының мерекелік медальдарымен қатар, кеңестік қоғам қайраткері ретінде «Құрмет белгісі» орденімен «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен және 1973 жылы «Социалистік жарыс жүргізушісі» (Знак «Водитель социалистического соревнования») белгісімен марапатталды [БҚО, Тасқала ауд., музей].

Осылайша ел үшін еңбек етіп, халық құрметіне бөленген Слухия Жұмағұлқызы 1998 жылы 75 жасқа қараған шағында өмірден озды. Соғыс және еңбек ардагерінің құрметіне кеңестік заман тұсында ауылдағы мәдениет үйі «Слухия» есімімен аталды.

Қорытынды

Демек, екінші дүниежүзілік соғыста КСРО халықтары үлкен құрбандықтың жанкешті ерліктің арқасында ғана жеңіске жетті. Кеңес Армиясының құрамындағы қазақстандықтар арасында қазақтың ұлдарымен бірге қазақ қыздары да ерліктің үлгі-өнегесін көрсетті. Жалпы 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерден уақыт 110 түрлі мамандықты игеруді талап еткен екен [1]. Кеңес Одағының маршалы А.И. Еременко мемуарлық еңбегінде ер жүрек жауынгер қыздар туралы: «Ұлы Отан соғысында қыздар араласпаған, қыздар меңгермеген әскери мамандық кем де кем» [2, 293 с.], – деп жазғандай еді. Ендеше, Кеңес Армиясының құрамында неміс басқыншыларына қарсы соғысқан қазақ қыздары болса, аспазшы, хат тасушы, дәрігерлік көмек көрсету сияқты мамандықтарды игерумен бірге, сол уақыттағы қыздар арасында сирек кездесетін ұшқыш, танкшы, мерген, пулеметші, барлаушы, байланысшы сияқты әскери мамандықтардың барлығын да меңгерді. Зерттеу мақалада біз, Орал өңірінің Қиыр Шығыс майданына қатысқан десантшы, байланысшы, әскери көлік жүргізген қаһарман қыздарының жауынгерлік өмірін тарихи деректер мен құжаттар, шежіре суреттер негізінде зерттеп жаздық.

Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан майдангер қазақ қыздарының өнегелі өмірі бүгінгі жас ұрпақтың рухын жаңғыртып, олардың бойына отаншылдық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Тәрбиенің басты құралы, үлгі өнегесі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Аупбаев Ж. Қазақтың танкист қыздары // Лениншіл жас. – 1984. – 14 июнь.
- Майдангер Қаным Алмағамбетова қоры. Ғұмырбаян // Батыс Қазақстан облысы. Қаратөбе аудандық архиві. №8450/6. 123-к., 15-т., 7-п.
- Майдангер Әзиза Ниязғалиева қоры // Батыс Қазақстан облысы. Сырым аудандық мемлекеттік архиві. 135-к., 33-т., 12-п.
- Боранбаева Б.С. Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары. – Орал: Полиграфсервис, 2015. – 228 б.
- Боранбаева Б.С. За баранкой легендарной полуторки // Приуралье. – 2017. – 5 мая.
- Майдангер Саркулова Слухия қоры // Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық музейі. 32-к., 17-т., 11-п. Дальневосточный пограничный: Очерк истории Краснознаменного Дальневосточного пограничного округа. – Хабаровск: Книжное издательство, 1983. – 279 с.
- Еременко А.И. Сталинград. – Москва: Воениздат, 1961. – 311 с.
- Қонақбаева Д. Майдангерлер отбасы // Сырым елі. – 2010. – 15 сәуір. Қозыбаев М. Честнов С. Бессмертие. – Алма-Ата. 1964. – 278 с.

Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық.– Алматы: Атамұра.Т. 4.– 2010. – 752 б.

Майдангер Ү. Есқалиеваның ұлы М.Х. Құлшықовтың жеке архиві. Краснознаменного Тихоокеанского пограничного округа. – Владивосток: Пограничник на Тихом океане, 1999. – 151 с.

Мурманцева В.С. Женщины в солдатских шинелях. – Москва: Воениздат, 1971. – 238 с.

Майдангер естелігі. Қ.Ермекованың бейнетаспаға жазылып алынған естелігі. –2014 ж. –3 наурыз.

Нурбекова Г.Д. Женщины Казахстана – фронту. Трудовой подвиг женщин Казахстана в промышленности и сельском хозяйстве республики в годы Великой Отечественной войны.– Алма-Ата: Казахстан.Изд. 2-ое. –1988. – 261 с.

Новикова В. Г. У победы женское лицо. Сборник воспоминаний о боях – пожарищах, о друзьях- товарищах, о нелегкой жизни и работе в тылу. – Уральск: Диалог, 1995.– 117 с.

Сысоев Н., Ноженко Е. Тихоокеанский дозор. Сборник очерков к 60-летию Краснознаменного Тихоокеанского пограничного округа. – Владивосток: Пограничник на Тихом океане, 1999. – 151 с.

Суворова В.П. У победы женское лицо. Сборник воспоминаний о боях – пожарищах, о друзьях-товарищах, о нелегкой жизни и работе в тылу. – Уральск: Диалог, 1995.– 117 с.

МАЗМҰНЫ

Айтмағамбетов Д.Р., Азмұханова А.М., Нұрсұлтанова Л.Н. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ВЬЕТНАМ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАН ТӘЖІРИБЕГЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. ЗАМАНАУИ БІЛІМ: ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. АҚ ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIII–XV ғғ. басы).....	25
Балықбай А.К. ҚАЗАҚ КИНОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	33
Боранбаева Б.С. ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ОРАЛ Өңірінің ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ХАНТАУ ТАУЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ПЕТРОГЛИФТЕРІ.....	58
Ғабитханұлы Қ. ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК СӨЗДЕРДІ АУДАРУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ, БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ.....	73
Ғабитханұлы Қ., Ғабит Е. «ТӨҢІР ТАУ» (немесе Тянь-Шань) ҒҰНДАРДАН ҚАЛҒАН АТАУ.....	79
Жанибай С.Б. МҮСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ...83	83
Жанибай С.Б. 1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ЮСУФ АҚЧУРАНЫҢ ЖАС ТҮРІКТЕР БІЛІГІ ТҮСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	105
Жолсейітова М.Ә. ЖӘДИДШІЛДІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ И. ГАСПЫРАЛЫНЫҢ РӨЛІ.....	116
Жұмай Г. ҚОРЫҚ-МУЗЕЙДІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙІНІҢ ДАЙЫНДАҒАН ҒЫЛЫМИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ОРНЫ.....	136
Камалинов И.Р., Савельева Т.В. ІЛЕ АҢҒАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАҒЫТЫ (археологиялық деректер бойынша).....	145
Керімбаев Е.Ә., Набижанқызы З. КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....	159
Қабдолдина К.Қ. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ.....	169
Қабылдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ АЙНАСЫ.....	175
Қаипбаева А.Т. ІЛИЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА.....	182
Қали А., Сәкенұлы Қ., Айдаралиева Ә. АҚТӨБЕ Өңіріндегі «АЛАШ ОРДА» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві материалдары бойынша).....	197
Құдайбергенұлы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРІ Н.НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ.....	215
Қыдырбаев Қ.А. МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ СҰЛТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЭТИКЕТІ.....	233
Мұқаметханұлы Н., Мадиев Д.А. ҚЫТАЙДЫҢ БАТЫС БӨЛІКТІ ҚАУЫРТ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҢЖАҢНЫҢ ШЕКАРА ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. ТАНЗИМАТ ДӘУІРІНДЕГІ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. ҚАЗАҚСТАН КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАРЫ.....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ.....	265
Сабырова Ә.С. ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «БАТЫРШЫЛДЫҚ».....	273
Садықов Т.С., Набиев С.Т. АКАДЕМИК М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	279
Сайынов Д. АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ.....	285
Сәкенов С.Қ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРІ.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ШЫҰ ЕРКІН САУДА АЙМАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ.....	304
Сыздықова А.М. ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КЕҢЕСТІК ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДЕРІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТАРИХЫ (1970-1990).....	308
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. ДӘСТҮРЛІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ПРОТОТҮРІКТЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТАСУШЫЛАРЫ РЕТІНДЕ: ТІЛ ТҰЛҒАЛАРЫН РЕТРОСПЕКТИВТІ ШОЛУ.....	323

СОДЕРЖАНИЕ

Айтмагамбетов Д.Р., Азмуханова А.М., Нурсултанова Л.Н. КАЗАХСТАН И ВЬЕТНАМ: ОТ СОГЛАШЕНИЙ К ПРАКТИКЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. НОВОВВЕДЕНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ОБРАЗОВАНИЯ в 20-30-е ГОДЫ XX ВЕКА.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: КЛЮЧЕВОЙ АСПЕКТ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АК ОРДЫ (XIII – НАЧАЛО XV ВВ.).....	25
Балықбай А.К. ИСТОРИЯ И ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОЙ КИНОДРАМАТУРГИИ.....	33
Боранбаева Б.С. КАЗАШКИ ПРИУРАЛЬЯ – УЧАСТНИЦЫ ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ДАЛЬНЕВОСТОЧНОМ ФРОНТЕ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ДРЕВНИЕ ПЕТРОГЛИФЫ ГОР ХАНТАУ.....	58
Габитханулы К. ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА, РЕКОНСТРУКЦИИ, ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ ТЮРКСКИХ СЛОВ В КИТАЙСКИХ ЛЕТОПИСЯХ.....	73
Габитханулы К., Габит Е. ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ НАЗВАНИЕ «ТАНИРТАУ» (ИЛИ ТЯНЬ-ШАНЬ) - НАСЛЕДИЕ ГУННОВ.....	79
Жанибай С.Б. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МУСТАФЫ ШОКАЯ.....	83
Жанибай С.Б. СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В ТУРКЕСТАНЕ В 1920-1940-Е ГОДЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЮСУФА АКЧУРИНА В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МЛАДОТУРОК.....	105
Жолсейітова М.Ә. РОЛЬ И ГАСПЫРАЛЫ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ДЖАДИДИЗМА.....	116
Жумай Г. ОБЪЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЗАПОВЕДНИКА-МУЗЕЯ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. МЕСТО НАУЧНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЭНЦИКЛОПЕДИИ ЦГМ РК В НАУЧНО - ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	136
Камалдинов И.Р., Савельева Т.В. НАПРАВЛЕНИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В ИЛИЙСКОЙ ДОЛИНЕ (по археологическим источникам).....	145
Керимбаев Е.А., Набижанкызы З. СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТОВ КОНФУЦИЯ.....	159
Кабдолдина К.К. ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	169
Кабульдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ЗЕРКАЛО ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗА КАЗАХОВ.....	175
Каипбаева А.Т. ИЛЬЯС ОМАРОВ И НАЦИОНАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ.....	182
Кали А., Сакенулы К., Айдаралиева А. О ДЕЯТЕЛЯХ «АЛАШ ОРДЫ» АКТЮБИНСКОГО КРАЯ (ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА).....	197
Құдайбергелулы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЗИЦИЯ КАЗАХСКОГО ДЕЯТЕЛЯ Н. НУРМАКОВА В ОТНОШЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ.....	215
Кыдырбаев К.А. МАМЛЮК-КИПЧАКСКИЙ СУЛТАНАТ И ЕГО ВКЛАД В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ЭТИКЕТ ГЕРОЕВ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ.....	233
Мухаметханулы Н., Мадиев Д.А. СТРАТЕГИЯ НАПРЯЖЕННОГО ОСВОЕНИЯ ЗАПАДНОЙ ЧАСТИ КИТАЯ И СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПРИГРАНИЧНОГО РЕГИОНА СИНЬЦЗЯН.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. РЕФОРМАТОРСКИЕ ДВИЖЕНИЯ В ЭПОХУ ТАНЗИМАТА.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. МАРКЕТИНГОВЫЕ СТРАТЕГИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ КАЗАХСТАНА....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ.....	265
Сабирова А.С. ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС «БАТЫРШЫЛДЫҚ» В ЭПИЧЕСКОЙ ПОЭЗИИ.....	273
Садыков Т.С., Набиев С.Т. ВОПРОСЫ ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ КАЗАХОВ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА.....	279
Сайнов Д. ДУХОВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ В АКТЮБИНСКОМ КРАЕ.....	285
Сакенов С.К. ДОМА ЭПОХИ БРОНЗЫ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ПРОЕКТ ЗОНЫ СВОБОДНОЙ ТОРГОВЛИ ШОС: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	304
Сыздыкова А.М. ИСТОРИЯ УПРАВЛЕНИЯ ОХРАНОЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ НА СОВЕТСКИХ ТОПЛИВНО- ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ ПРИИРТЫШЬЯ (1970-1990).....	308
Тулбаев Т.А., Абикенова Г.Е. ТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ПРОТОТЮРКОВ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. АВТОРЫ КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕБНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА КАК НОСИТЕЛИ ИНФОРМАЦИИ И КУЛЬТУРЫ: ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ В РЕТРОСПЕКТИВЕ.....	323

CONTENTS

Aitmagambetov D., Azmukhanova A., Nursultanova L. KAZAKHSTAN AND VIETNAM: FROM AGREEMENTS TO PRACTICE.....	5
Akhmetzhanova A.T., Alina A.D. INNOVATIONS OF SOVIET POWER IN THE FIELD OF EDUCATION IN THE 1920-1930s.....	12
Alimzhanova A., Shaimerdenova M. MODERN EDUCATION: THE KEY ASPECT OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS.....	20
Arepova A.D., Moryakova M.T. THE ISSUES OF THE POLITICAL HISTORY OF AK ORDA (XIII - EARLY XV CENTURIES).....	25
Balykbay A.K. HISTORY AND STAGES OF THE FORMATION OF KAZAKH FILM DRAMA.....	33
Boranbayeva B.S. KAZAKH WOMEN OF THE URALS-PARTICIPANTS OF MILITARY ACTIONS ON THE FAR EASTERN FRONT.....	41
Goriachev A.A., Egorova T.A., Egorova K.A. ANCIENT PETROGLYPHS OF KHANTAU MOUNTAINS.....	58
Gabitkhanuly K. ISSUES OF TRANSLATION, RECONSTRUCTION, CONSISTENCY OF TURKIC WORDS IN CHINESE CHRONICLES.....	73
Gabitkhanuly K., Gabit Y. «TANGIRTAU» (OR TIAN-SHAN) IS THE HUN HERITAGE THE GEOGRAPHICAL NAME "TANGIRTAU" (OR TYANSHAN) IS THE HUN HERITAGE.....	79
Zhanibay S. METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF HISTORY IN THE WRITINGS OF MUSTAFA SHOKAY.....	83
Zhanibay S. FORMATION OF THE SOVIET EDUCATION SYSTEM IN TURKESTAN IN THE 1920-1940S.....	92
Zholseitova M. THE ACTIVITIES OF YUSUF AKCHURIN DURING YOUNG TURKS PERIOD.....	105
Zholseitova M. I. GASPYRALY'S ROLE IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF JADIDISM.....	116
Zhumai G. OBJECTS RESEARCH OF THE RESERVE-MUSEUM.....	128
Kalysh A., Isayeva A. PLACE OF SCIENTIFIC AND ETHNOGRAPHIC ENCYCLOPEDIA OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL PROCESS.....	136
Kamaldinov I.R., Savelyeva T.V. DIRECTIONS OF THE GREAT SILK ROAD IN THE ILE VALLEY (according to archaeological sources).....	145
Kerimbaev Y.A., Nabizhankyzy Z. THE FORMATION AND ACTIVITIES OF CONFUCIUS INSTITUTES.....	159
Kabdoldina K.K. THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN THE SOVIET KAZAKHSTAN.....	169
Kabuldinov Z.E., Borbasov S.M., Kozybayeva M.M. MIRROR OF THE ETHNOGRAPHIC IMAGE OF THE KAZAKH.....	175
Kaipbaeva A.T. ILYAS OMAROV AND THE NATIONAL CULTURE HERITAGE.....	182
Kali A., Sakenuly K., Aidaraliyeva A. ON THE "ALASH ORDA" FIGURES FROM AKTOBE KRAI (ACCORDING TO THE MATERIALS OF THE AKTOBE REGIONAL STATE ARCHIVE).....	197
Kudaybergenuly B., Karimova A.E., Sadykova A.M. THE POLITICAL POSITION OF THE KAZAKH LEADER N. NURMAKOV IN RELATION TO THE RESETTLEMENT POLICY.....	215
Kydyrbayev K.A. THE MAMLUK-KIPCHAK SULTANATE AND HIS CONTRIBUTION TO THE WORLD'S CIVILIZATION.....	222

Meirmanova G.A., Daytbekova M.K. HEROES OF THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY.....	233
Mukhametkhanuly N., Madiev D.A. THE STRATEGY OF RAPID DEVELOPMENT OF THE WESTERN PART OF CHINA AND THE SOCIAL DEVELOPMENT OF THE BORDER REGION OF XINJIANG.....	243
Myrzabekova R., Myrzabekov M. REFORM MOVEMENTS IN THE EPOCH OF TANZIMAT.....	251
Nurmukhambet A.B., Sayn E.D. MARKETING STRATEGIES OF KAZAKHSTAN ENTERPRISES' INTERNATIONAL ACTIVITIES.....	258
Sabdenova G.E., Userova A.N. HISTORICAL ROOTS OF TRADITIONAL LEGAL CULTURE AND NATIONAL NURTURING OF KAZAKHS.....	265
Sabirova A.S. ETHIC CODE OF "BATYRSHYLDYK" IN THE EPIC POETRY.....	273
Sadykov T., Nabiyev S. THE ISSUES OF KAZAKH LIBERATION STRUGGLE IN THE WRITINGS OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV.....	279
Sainov D. THE SPIRITUAL ACTIVITIES OF THE RELIGIOUS LEADERS IN AKTOBE REGION.....	285
Sakenov S.K. BRONZE AGED WELLINGS IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	296
Serikkalieva A.E., Ashinova Zh.E., Nabizhankyzy Z. PROJECT OF THE SCO FREE TRADE ZONE: PROBLEMS AND PROSPECTS.....	304
Syzdykova A.M. HISTORY OF MANAGEMENT OF ENVIRONMENTAL PROTECTION AT SOVIET FUEL AND ENERGY ENTERPRISES IN THE PRIYRTISHIYA (1970-1990).....	308
Tulebayev T.A., Abikenova G.E. TRADITIONAL METHODOLOGICAL DIRECTIONS AND LINGUISTIC GEOGRAPHY OF PROTO- TURKS: HISTORIOGRAPHIC ASPECT.....	317
Shaimerdenova M.D. THE AUTHORS OF KAZAKHSTANI TEXTBOOKS ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AS CARRIERS OF INFORMATION AND CULTURE: A LANGUAGE PERSON IN RETROSPECTIVE.....	323

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 1(17)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй